

Тобы	Кіш»і топқа арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы	ҚЫРКҮЙЕК // 2021-2022									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	3	Қатынас	1	Таным	2	Шығармашылық	3	Әлеумет	-
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	0,5	Сенсорика	0,5	Музыка	1,5		-
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Сурет салу	1		-
					Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		-
							Мүсіндеу	0,25		-
Балабақша /Мой детский сад / My kindergarten // (1-апта)										
Мақсаты. Балалардың балабақша туралы алғашқа ұғымдарын қалыптастыру, балабақшада ойыншықтармен ойындарға баулу, тәрбиеші мен топтастармен алғашқы қарым-қатынастар үлгілеріне қызығушылық тудыру.										
Оқу қызметінің түрі,	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Дана қуыршақпен сапқа		Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Ойыншықтар".		Сенсорика. Тақырыбы: "Түрлі ойыншықтар".		Музыка. Тақырыбы: "Қуыршақ Әйгерімнің барабаны".			

тақырыбы, мақсаты.	тұру". Мақсаты: балаларға қуыршақ Данамен сапқа тұруды үйрету және техникасын көрсету; сапқа тұру жаттығуын орындауда ептілік пен икемділік дағдыларын дамыту; мәдени-тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	Мақсаты: балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік бере отырып, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атап, қимылдарды қайталауға үйрету; ой-өрісін кеңейту және есте сақтау қабілеті мен тілін дамыту; балабақшада және үйде ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға үйрету.	Мақсаты: балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік бере отырып, ортақ пішіні және көлеміне қарап, біріктіруге үйрету; біркелкі пішіндердің бір-бірінен айырмашылығы ажырата білуге дағдыландыру; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын ояту.	Мақсаты: балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; дабыл аспабымен және оның үнімен таныстыру; балаларды дыбысты тыңдап, ажырата білу дағдыларына үйрету.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тақтай бойымен жүреміз". Мақсаты: балаларға қуыршақ Данамен сапқа тұру техникасына үйретуді жалғастыру; сапқа тұру жаттығуын орындауда ептілік пен икемділік дағдыларын дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қуыршақ Дана". Мақсаты: балаларды қуыршақпен таныстыру барысында оның дене мүшелерінің негізгі атауларымен таныстыру; қуыршақтың сыртқы дене мүшелерінің	Сурет салу. Тақырыбы: "Доп кетті домалап". Мақсаты: балаларды сурет салу құралы қарындашпен таныстыра отырып, оны үш саусақпен ұстап, қарапайым түзу бағытта көлденең сызықтар қалдыруға	

			қозғалу қасиеттерін көрсете отырып, қуыршақтың денесінен көрсете білуге талпындыру; достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	үйрету; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбектейміз ерінбей!". Мақсаты: балалардың қуыршаққа ілесіп сапқа тұруға деген ынталарын жетілдіру; топтастармен бірге ойнап, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін қалыптастыру.			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Қуыршақтарға кәмпиттер". Мақсаты: балаларды түрлі-түсті ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауға үйрету; педагогпен эмоционалды қарым-қатынасқа түсе білу қабілетіне дағдыландыру.	
Менің отбасым /Моя семья / My family// (2-апта)					
Мақсаты. Балалардың отбасы туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, отбасы мүшелерін атап, қуаныш сезімдерін білдіруге үйрету.					
Оқу қызметінің	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аюмен	Көркем әдебиет. Тақырыбы: ""Маша	Құрастыру. Тақырыбы: "Жолмен	Музыка. Тақырыбы: "Асыл	

түрі, тақырыбы, мақсаты.	шеңберге тұру". Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге тұру арқылы дербестік пен ептілік дағдыларын қалыптастыру; топтық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.	мен Аю" ертегісі" Мақсаты: балаларды "Маша мен Аю" ертегісі желісімен таныстыра отырып, зейінін басқа нәрсеге аудармай, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің қайталама бірыңғай жолмен айтылатын сөздерін есте сақтап, айтуға талпындыру; Маша мен аюдың ормандағы тіршілігі туралы жалпы мағлұматтар беру; балалардың тілін, ой- өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; балалардың көркем әдебиеттің жанры ертегіге қызығушылықтарын ояту; төзімділік пен тілалғыштық қасиеттерге тәрбиелеу.	жүрейік". Мақсаты: балаларды құрылыс материалы кірпішпен және оның қасиеттерімен таныстыру; кірпішті бір-бірімен қатар қоюға және бірінің үстіне бірін қалауға үйрету; кірпіштен жасаған өз жұмысына риза болу қабілетін арттыру; отбасы туралы түсінік беру; балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін тану дағдыларын қалыптастыру.	әжем". Мақсаты: балалардың әже туралы әнді тыңдау және есте сақтау қабілетін қалыптастыру; музыканы сипатына қарай ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; отбасы мүшелері туралы білімдерін толықтыру; балалардың музыканы тыңдауда зейіні мен есте сақтау және қабылдау қабілеттерін дамыту.	
--------------------------------	--	---	--	---	--

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Шеңберге тұрайық". Мақсаты: балалардың шеңберге тұру қабілеттерін тиянақтау; дербестік пен ептілік дағдыларын қалыптастыру; жанындағы топтасын байқап, жаттығуды еркін жасауға үйрету.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Аю мен қонжық". Мақсаты: балаларға ормандағы жабайы аю тіршілігі туралы жалпы мағлұмат беру; сурет мазмұнындағы кейіпкерлермен таныстыру; сурет тақырыбындағы кейіпкерлердің қимыл-әрекеттерін бір тұтас оқиға желісі ретінде қабылдауға үйрету; қамқорлыққа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Әжемнің әні". Мақсаты: балаларды әже туралы әнді естеп сақтап, жағымды эмоциямен жауап беруге ынталандыру; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; ойындарда отбасы мүшелеріне қатысты түсініктерін білдіруге мүмкіндіктер жасау.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аюмен бірге шеңберге тұрайық". Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға машықтау; ойындар арқылы топтастармен ортақ жағымды эмоцияға бөленуге			Сурет салу. Тақырыбы: "Әжемнің жіптері". Мақсаты: балаларды сурет салу құралы қылқаламмен таныстыра отырып, оның сабын үш саусақпен ұстап, бояуға малып, белгіленген	

	тәрбиелеу.			жерден бастап, қарапайым түзу бағытта сызықтар қалдыруға үйрету; ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу.	
Табиғат әлемі/ Мир природы / Natural world // (3-апта)					
Мақсаты. Балалардың қоршаған табиғаттың бірнеше құбылысымен таныстыру, ауа райында, табиғаттағы құбылыстарды байқатып, жағымды эмоционалды жауаптарды тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қояндармен бірге жүгіру". Мақсаты: балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруге үйрету; шеңбер бойымен жүгіруде аяқ, табан бұлшық еттерін жетілдіру және ептілік пен жылдамдық икемділіктерін дамыту; жаттығу барысында бір-біріне кедергі жасамауға тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Күн мен жаңбыр". Мақсаты: балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту; табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын арттыру.	Сенсорика. Тақырыбы: "Ғажайып дорба". Мақсаты: балаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, біркелкі заттарды пішін және түс сияқты сенсорлық қасиеттері негізінде жалпылап, біріктіріп, бөліп, тапсырмаларды орындау қабілеттерін қалыптастыру; қоршаған заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын	Музыка. Тақырыбы: "Сылдырмақтар сылдырлап". Мақсаты: балаларды сылдырмақтар туралы әуенді тыңдап және айтуға үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды сылдырмақтар әуенімен үйлесімді жасауға жаттықтыру; музыка сипатын ажырата білуге дағдыландыру.	

			арттыру.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қоян секілді жүгірейік". Мақсаты: балалардың шеңбер бойымен жүгіре білу қабілетін жетілдіру; жаттығу барысында бір-біріне кедергі жасамауға үйрету; қоянның қимылына еліктеуге машықтау.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Саңырауқұлақ". Мақсаты: балаларға саңырауқұлақ туралы ұғым беру; жаңбырдың саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуіне жағымды әсері туралы түсінік беру; жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру; жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы түсініктерін кеңейту; күзгі табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты ояту.	Сурет салу. Тақырыбы: "Жаңбыр". Мақсаты: балаларды қарындашты үш саусақпен ұстап, белгіленген жерден (бұлт сұлбасының төменгі жағынан) қарындаш ұшымен ырғақты қимылдармен төменге қарай қысқа сызықтарды қоюға үйрету; табиғатқа қатысты құбылыстарды бейнелеу барысында жағымды эмоциялық сезімдерге бөленуіне мүмкіндіктер туғызу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бір, екі, үш ..., жүгіреміз". Мақсаты: балалардың шеңбер бойымен сигнал бойынша жүгіре			Жапсыру. Тақырыбы: "Доппен ойнаған мысық". Мақсаты: балаларды желімделген домалақ пішінді бейнені	

	білу қабілеттерін жетілдіру; қоянға еліктеп, топтастармен бірге жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.			жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуға үйрету; шығармашылық еңбекке, мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.	
Менің Қазақстаным/ Мой Казахстан / My Kazakhstan // (4-апта)					
Мақсаты. "Қазақстан", "Отан" ұғымы қарапайым түрде ашылатын ойындарға, оқиғаларға балаларды қатыстырып, жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қазақстан туы". Мақсаты: балаларды тура және айналма жолмен жүгіруге үйрету; тура және айналма жолмен жүгіру барысында ептілік пен жылдамдық қабілеттерін қалыптастыру; текшелерден бір-бірден сүрінбей өтуге жаттықтыру.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Саусақ санамағы". Мақсаты: балаларға санамақты педагогтің соңынан қайталап, саусақтарды тақпақ жолына сай атауға үйрету; отбасы мүшелерін саусақ атаулары арқылы танып, шынайы атауларын айтқызуға жаттықтыру; тақырып бойынша сөздік	Құрастыру. Тақырыбы: "Құлыншаққа қоршау". Мақсаты: балалардың құрылыс материалы кірпіш туралы түсініктерін дамыту; оның қасиеттері жөнінде алған білімдерін толықтыру; кірпіштен құлыншаққа қоршау жасауға үйрету; үй жануарларына қамқорлықпен қарай	Музыка. Тақырыбы: "Айгөлектей дөңгелеп". Мақсаты: балаларды еліміздің Әнұранын тыңдауда ерекше эмоциялық сезімде қабылдауға және әннің сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкалық аспаптарды	

		ойындарға белсенді қатысуға талпындыру.	білуге тәрбиелеу; еңбек нәтижесіне қуану әдетін қалыптастыру.	ажырата білу қабілетін қалыптастыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жалауды биікке көтереміз". Мақсаты: балаларды жалауларды сигнал бойынша көтеруге дағдыландыру; алға және кері тура жүгіруде текшелер қатары арасынан өтуге жаттықтыру; бір-бірден сүрінбей өтуге ынталандыру.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қуыршақ Дана мен балапандар". Мақсаты: балаларды сурет мазмұнындағы кейіпкерлермен, Дан мен балапандармен таныстыру; қуыршақ әрекеті арқылы балаларды үй құстарын күте білуге үйрету; үй құстары туралы түсініктерін кеңейту; адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу	Музыка. Тақырыбы: "Әнұран жаттайық". Мақсаты: балаларды Қазақстанның Әнұранын ерекше эмоциялармен қабылдауға машықтандыру, әннің салтанатты жағдайды білдіретінін түсінуге баулу; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасауға ынталандыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Текшелерді айналып жүгіремін". Мақсаты: балалардың текшелерді айналып, бір-біріне сүрінбей, жүгіру қабілеттерін			Сурет салу. Тақырыбы: "Алаша". Мақсаты: балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды жіңішке жолақшаның сол жағынан оң жағына	

	жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.			қарай тігінен, кезекпен, үстіден төменге қарай, бірыңғай түрде қалдыруға үйрету; қылқаламмен сурет салу техникасының алғашқы негіздерін қалыптастыру; ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу.	
--	--	--	--	--	--